

Шалқар аудандық мәслихатының 2017 жылғы 21 желтоқсандағы № 167 "2018-2020 жылдарға арналған Кішіқұм ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2018 жылғы 27 наурыздағы № 200 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінің Шалқар аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 9 сәуірде № 3-13-188 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 109-1 бабына сәйкес, Шалқар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шалқар аудандық мәслихатының 2017 жылғы 21 желтоқсандағы № 167 "2018-2020 жылдарға арналған Кішіқұм ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5814 санымен тіркелген, 2018 жылғы 16 қаңтардағы "Шалқар" газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1 тармақтың 1) тармақшасында:

кірістер – "45836,0" сандары "46966,1" сандарымен ауыстырылсын; оның ішінде:

салықтық емес түсімдер бойынша "139,0" сандары "647,3" сандарымен ауыстырылсын;

трансферттердің түсімдері бойынша – "43971,0" сандары "44592,8" сандарымен ауыстырылсын;

2) тармақшасында:

шығындар – "45836,0" сандары "46966,1" сандарымен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-1 тармағымен толықтырылсын:

"4-1. 2018 жылға арналған Кішіқұм ауылдық округ бюджетіне аудандық бюджеттен 621,8 мың теңге көлемінде ағымдағы нысаналы трансферт түскені ескерілсін.

Ағымдағы нысаналы трансферттің сомасын бөлу ауылдық округ әкімінің шешімі негізінде айқындалады."

2. Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Шалқар аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысы Шалқар аудандық әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік актілерінің Эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы шешімді Шалқар аудандық маслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Шалқар аудандық мәслихатының
сессия төрағасы,
Шалқар аудандық мәслихатының
хатшысы

С. Бигеев

Шалқар аудандық мәслихатының 2018 жылғы
27 наурыздағы № 200 шешіміне қосымша
Шалқар аудандық мәслихатының 2017 жылғы
21 желтоқсандағы № 167 шешіміне 1 қосымша

2018 жылға арналған Кішіқұм ауылдық округ бюджеті

Санаты			сомасы
Сыныбы			, мың теңге
Ішкі сыныбы			
Атауы			
		I. КІРІСТЕР	46966,1
1		Салықтық түсімдер	1726,0
	01	Табыс салығы	56,0
	2	Жеке табыс салығы	56,0
	04	Меншікке салынатын салықтар	1670,0
	1	Мүлікке салынатын салықтар	47,0
	3	Жер салығы	64,0
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	1559,0
2		Салықтық емес түсімдер	647,3
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	139,0
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	139,0
	06	Басқа да салықтық емес түсімдер	508,3
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	508,3
4		Трансферттердің түсімдері	44592,8
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	44592,8
	3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	44592,8
II. ШЫҒЫНДАР			46966,1
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	19511,0
	1	Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	19511,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	19511,0

		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	19311,0
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	200,0
04			Білім беру	25225,0
	1		Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	25225,0
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	25225,0
		004	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	25225,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	2230,1
	3		Елді-мекендерді көркейту	2230,1
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2230,1
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	800,0
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	300,0
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1130,1
			III. Бюджет тапшылығы (профицит)	0,0
			IV. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)	0,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ